

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

05 қыркүйек 2016 жыл

### **KASE өзінің сауда-саттық алаңында коммерциялық облигацияларға арналған жаңа сектор ашады**

KASE Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 31 тамызындағы шешімімен Бағалы қағаздарды ресми тізімнің "Коммерциялық облигациялар" секторына енгізу ережелерін бекітті, сондай-ақ KASE басқа құжаттарына түзетулер енгізілді. Аталмыш ережелерге сәйкес үстіміздегі жылдың 05 қыркүйегінен бастап KASE ресми тізімінде жаңа – "Коммерциялық облигациялар" секторы жұмысын бастады.

Жаңа сектор, Биржада листингтен өту тәжірибесі бар және бағалы қағаздары ресми тізімде тұрған, компаниялардың қысқа мерзімді облигацияларына арналған. Сондықтан оларға қойылатын листингтік талаптар минимумға жеткізілген. Әлеуетті эмитент негізгі үш критерийлерге сәйкес келуі тиіс: кемінде үш жыл қызмет етуі тиіс, алдында шығарға облигациялары бойынша соңғы үш жылда дефолты болмауы тиіс және ірі бизнес мәртебесі болуы тиіс, яғни орташа жылдық кірісі соңғы үш жылда кемінде үш миллион АЕК немесе 6,36 млрд теңгеден кем болмауы тиіс.

"Коммерциялық облигациялар" секторы борыштық бағалы қағаздардың негізгі секторынан жеңілдетілген листингтік талаптары бойынша, листингтік алымдардың төмендетілген мөлшерімен, "кіргенде" талап етілетін, минималды құжаттар жиынтығымен айырмашылығы бар. Осылайша, осы сектордағы листинг оңай, тез және салыстырмалы арзанырақ болады. Листинг туралы шешімді Биржаның Басқармасы қабылдайды. Бағалы қағаздардың шығарылымына алдын ала тұжырымдама үш жұмыс күннен аспайды.

Бұдан басқа, эмитент листингті ұйымдастыруға шығындары азайып, оған қаржылық кеңесші қажет болмайды. Компания бұл жерде елеулі үнемге қолжеткізеді. Бұл ретте биржада бағалы қағаздарды орналастыру үшін эмитентке брокерді тарту қажет болады, бағалы қағаздарды орналастырғаны үшін комиссия төлейді, оның мөлшері тек орналастыру көлеміне байланысты болып, бағалы қағаздардың барлық түрлері үшін бірдей болады.

"Коммерциялық облигациялар" секторын ашу көбінде, үстіміздегі жылдың шілде айында өз күшіне енген және қазақстандық облигацияларды шығару, орналастыру және айналысқа жіберудің жалпы ережелерін реттейтін, Ұлттық Банктің жаңа ережелерін қолданысқа енгізумен байланысты. Осы ережелердің шегінде KASE тізімінде тұрған компаниялар үшін, айналыс мерзімі бір жылға дейін облигациялар шығарылымын тіркеу процедурасы оңтайланып, жеңілдетілген. Жаңа ережелер бойынша осындай облигацияларды Ұлттық Банк, компанияның қызметінің және орналастырылуы жоспарланған облигациялардың толық сипаттамасы берілген, ірі корпоративтік құжат – шығарылым аңдатпасысыз тіркелуі мүмкін. Қысқа мерзімді корпоративтік облигациялар эмитенттердің өтініші және минималды құжаттар жиынтығы негізінде тіркеліп, тіркеу мерзімі бар-жоғы үш күнде жүзеге асырылады.

####

### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

Акциялары Биржада саудаланатын, компаниялардың жиынтық нарықтық сомасы 13,12 трлн теңге (\$38,61 млрд) деңгейінде бағаланады. Биржада айналысқа жіберілген борыштың құны 8,57 трлн теңгені (\$25,22 млрд) құрайды, мемлекеттік борыш – 6,8 трлн теңге (\$19,95 млрд).

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)